

«БЕКІТЕМІН»  
«Павлодар облысы білім беру  
басқармасының «Жас Дарын»  
мамандандырылған мектеп-  
лицейі» КММ басшысы  
\_\_\_\_\_ Г.С. Жанғазы  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

**«Павлодар облысы білім беру басқармасының  
«Жас Дарын»  
мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ  
2023 -2024 оқу жылындағы  
оқу – тәрбие жұмысының  
жылдық талдауы**

Павлодар қаласы, 2024 жыл

## Ақпараттық анықтама

Атауы: **Оқу жұмысының жылдық талдауы**

Нақты мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі 125

Телефондары:

Мектеп директоры: 61-81-31

Қабылдау бөлмесі: 61-81-32

Әдістемелік: 61-81-33

E-mail: Gasdaryn@edu.mail.kz

Мектепте 5-11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқыту тілі-қазақша.

### Мектеп мына режиммен жұмыс істейді:

- 5-11 жалпы білім беру сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

- 1-ші ауысым – 08:15- ден бастап;

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

Оқу жылының ұзақтығы 5-11-ші сыныптарда 36 аптаны құрайды.

### Оқушылар контингенті

2023-2024 оқу жылының басында мектепте 407 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында – 393 (алдыңғы оқу жылын 373 оқушы аяқтады), оның ішіндегі

- 5-9 сыныптар – 308 оқушы, 13 сынып комплект;

- 10-11 сыныптар – 85 оқушы, 4 сынып комплект;

2023-2022 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 17.

### Сыныптардың орташа толымдылығы:

- 5-9 сыныпта 24 оқушыдан;

- 10-11 сыныпта 19 оқушыдан.

### 3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Оқушылар контингенті	398	373	393

### 3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу сатылары	2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы		
	саны		орташа	саны		орташа	саны		орташа
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Негізгі мектеп	289	12	24	279	12	24	308	13	24
Орта мектеп	109	5	22	94	5	19	85	4	21
Барлығы	398	17	23	373	17	22	393	17	23

2023-2024 оқу жылында контингент 20 оқушыға артты.

## Мектептің материалдық – техникалық базасы

Мектептің ғимараты 1938 жылы салынған, «Жас дарын» мектебі 2000 жылынан бастап осы ғимаратта орналасқан. Қазіргі таңда:

- оқу кабинеттері – 21
- мультимедиялық кабинет – 1
- АӘЖТД кабинеті – 1
- медицина кабинеті – 1
- ем-шара кабинеті – 1
- асхана – 1
- кітапхана – 1
- спорт залы – 1

Барлық оқу кабинеттер заманауи жиһазбен жабдықталған, 8 кабинет ерекше безендірілген. Биылғы оқу жылы 11-сынып түлектердің ата-аналары физика кабинетінің лабораториясындағы жиһазын жаңартты. Қыс мезгілінде ғимаратта жылы +20-22 С. Оқушылар таза сумен қамтылған. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын «Профо» ЖШС жүзеге асырды.

## Мектеп педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы

Мектеп әкімшілігі жұмысының басты бағыттарының бірі – кадрлық құрамды нығайту.

«Білім туралы» ҚР Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжымды білім беру ұйымының басшысы құрады. қызметкерлерді қабылдау Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 бұйрықтың негізінде жүзеге асырылады. ҚР ЕК-не сәйкес жұмысқа қабылданған барлық педагогпен еңбек шарттары жасалды.

Мектептің педагогикалық кадрының сандық құрамы сұранысқа қарай анықталады.

## Педагогикалық кадрды талдау

Мектеп педагогтерінің саны 46 адамды құрайды, барлығының білімі жоғары.

Педагогтер біліктілігі:

«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты
9 (20%)	14 (30%)	3 (7%)	6 (13%)	14 (30%)

## Педагогикалық өтілі

3 жылға дейін	3-тен 15-жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
9	17	5	14

## Мұғалімдердің жас құрамы

30 жасқа дейін	31-дан 40 жасқа дейін	41-50 жасқа дейін	51-60 жасқа дейін	60-63 жас аралығында	Педагогикалық ұжымның орта жасы
13 (28,8%)	12 (26%)	5 (10,8%)	12 (26%)	4 (8,4%)	40-55

Жас және жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін «Жас педагог» мектебі құрылды, директордың бұйрығымен тәлімгерлер тағайындалды.

## Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өтуі

Оқу жылы	Қайта даярлау курсынан өтуі тиіс педагогикалық жұмыскерлердің жалпы саны (адам)	Қайта даярлау курсынан өтті	Қайта даярлау курсынан өтуі тиіс мұғалімдер
2021/2022	4	15	0
2022/2023	8	8	0
2023/2024	15	15	0

Қайта даярлау курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан мерзімдеріне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылады. Білім сапасы төмен мұғалімдерге курстық даярлық арқылы жоспардан тыс біліктілікті арттыру ұсынылады.

## Әдістемелік жұмыстың тиімділігі

2023-2024 оқу жылында мектеп-лицей «Білім беруді тұрақты дамыту жағдайында білім мазмұнын жаңарту процесін басқару» ғылыми-әдістемелік мәселесі бойынша жұмыс істеді.

**Мектеп-лицейдің даму бағдарламасының мақсатына жету жолында нақты бағыттар айқындалған.**

**Бағыт 1.** Мамандандырылған мектептің тұрақты дамуы;

**Бағыт 2.** Мектеп педагогтарының кәсіби дамуы;

**Бағыт 3.** Дарынды балалармен жұмыс;

**Бағыт 4.** Мектептің тәрбие жұмысының құндылық-бағдарланған жүйесі;

**Бағыт 5.** Мектепті басқарудағы Әлеуметтік және кәсіби серіктестік;

**Бағыт 6.** Жоспарлау процесінің эволюциясы

Ұжым алдына келесі міндеттер қойылды:

1. Білім беру процесінің сапасын және оның нәтижелілігін; мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін, олардың оқытатын пән мен оны оқыту әдістемесі бойынша құзыреттілігін үздіксіз жетілдіру.

2. Ғылыми-зерттеу және эксперименттік қызметті ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3. Мектеп-лицейдің инновациялық жобаларға, конкурстарға қатысуы.

4. Мұғалімдер мен оқушыларды шығармашылық ізденіске белсенді қосу.

5. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің принциптері мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруда мұғалімдерге көмек көрсету.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мектепте келесі жағдайлар жасалды:

- негізгі пәндер бойынша білімнің іргетасын қалауға, мектеп түлектерінің білімді табысты жалғастыруына мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқу жоспары жасалды;

- мектептің әдістемелік қызметінің құрылымы құрылды және бекітілді;

- барлық ӘБ жалпымектептік жоспардан туындайтын нақты жұмыс жоспарлары болды;

- денсаулықты және салауатты өмір салтын сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс;

- кабинеттердің материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша жұмыстар.

### 2023 – 2024 оқу жылындағы жоспардың орындалуы

«Жас Дарын» мектеп-лицейінде кәсіби шеберлігін үнемі арттыратын тұрақты ұжым жұмыс істейді. Оқушылардың жоғары білім деңгейінің арқасында мектеп ата-аналар арасында лайықты беделге ие, бұл сауалнама нәтижелерімен, сондай-ақ бесінші сынып оқушыларының жыл сайынғы тұрақты жиынтығымен расталады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы оқушылар мен ата-аналарының білім беру ұйымына деген оң көзқарасын көрсетеді.

Оқушыларды даярлаудың жоғары деңгейі оқытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі дамытуға қабілетті интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны табысты оқыту және тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдайларды іздеуде педагогикалық ұжымның тұрақты жұмысымен қамтамасыз етіледі.

Мұғалімдер өздерінің жұмыс тәжірибесін жинақтауға, облыстық және республикалық деңгейдегі конкурстарға белсенді қатысады.

Мектептің педагогикалық ұжымы тұрақты болғанымен, мемлекеттік бағдарламамен оңтүстік өңірлерге қоныс аударғандар бар. Сонымен қатар, жыл сайын мектепке жас маман қабылданады.

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектепте қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешуге қабілетті жоғары кәсіби деңгейі мен шығармашылық әлеуеті бар педагогикалық ұжым құрылды	Авторлық оқыту бағдарламалары бар педагог-шеберлердің төмен пайызы	Мектепте облыстық және республикалық деңгейлерде өз тәжірибесін жинақтайтын және болашақта педагог-шебер, зерттеуші болуға үміткер жас педагогтар жұмыс істейді	Тәжірибелі педагогтардың елордаға көшуі

<b>Материалдық-техникалық ресурстар</b>			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектеп оқу кабинеттерімен (мамандандырылған кабинеттер бар), заманауи техникалық оқыту құралдарымен (компьютерлік техниканың өсуі) жабдықталған.	Білім алушылардың үлкен контингенті, бұл оқыту үшін оқу алаңының жеткіліксіздігін тудырады	Оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ететін заманауи оқу жабдықтарының болуы	Оқушылар контингентін ұлғайту және мектептің қосымша кептелісі
<b>Ақпараттық ресурстар</b>			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Кабинеттерді заманауи техникалық оқу құралдарымен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтау, ақпараттық технологияларды оқу іс-әрекетінде қолдану - тез және өнімді оқуға мүмкіндік береді.	Жаңа аппараттық, бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және нарықта пайда болуы. Мектептегі жабдықтардың ескіруі ескіруі	Мектеп мұғалімдеріне оқуға арналған өздерінің техникалық өнімдерін (веб-сайттар, веб-қосымшалар) жасауға мүмкіндік беретін Интернет платформалардың болуы.	Оқытудың жаңа техникалық құралдарын пайдалануға мұғалімнің ынтасы мен қызығушылығының болмауы
<b>Білім беру мен инновацияның сапасын арттырудың оқу-әдістемелік шарттары</b>			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектепте білім сапасын арттыру, инновациялық іс-әрекетке тарту мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттыруға жағдай жасалған	Мұғалімдерге арналған бюджеттік курстардың санының қысқаруы	Мектепте оқытудың арқасында мұғалімдердің кәсіби өсуі артады	Үздіксіз білім алуға мектеп мұғалімдерінің барлығы бірдей мүдделі емес
<b>Білім беру мазмұнын жүзеге асыру</b>			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектеп жаңартылған мазмұны бойынша	Мектеп мұғалімдерінде	Мектеп мұғалімдері вариатив аясында арнайы	Барлық мұғалімдер

оқу жоспарларын негізгі алды,, бұл вариативті компонентті дамытуға мүмкіндік береді	емтиханнан өткен және РОӘК пайдалануға ұсынған авторлық курстар жоқ	курстардың, элективті курстардың авторлары болып табылады	авторлық құқықпен қорғалған курстарды дайындауға мүдделі емес
<b>Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, білім сапасын дамытудың шарттары</b>			
Мектепте дарынды балалармен жұмыс жүйесі құрылған. Оқушылардың олимпиада, ғылыми жобалар байқау-ларының, шығар-машылық жобалар-дың жеңімпаздары ретінде пайызы жоғары.	Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс істеуге уақытының болмауы(уақыттары сабақтармен шектеулі).	Мектепте олимпиадаларда, ғылыми жобалар байқауларында, шығармашылық байқауларда өнер көрсететін балалар бар	Дарынды оқушылардың НЗМ-не кетуі, немесе басқа қалаға көшуі.
<b>Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен мұраттарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі жүзеге асыру шарттары</b>			
Мектепте үйірме-лер, секциялар, қызығушылық бойынша студиялар, шахмат-дойбы және дебат клубы, мектеп Парламентінің қызметі ұйымдастырылды	Коммерцияланған әлеуметтік жобалардың саны жеткіліксіз	Тәрбие жұмысының жүйесі оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм мен Ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға негізделген	Білім алушылардың көпшілігінің оқу жүктемесімен айналысуы және қосымша қызығушылық сабақтарына уақыттың болмауы

### **Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелердің орындалуы**

- Мектеп-орта білім беру саласында сапалы қызмет көрсететін тұрақты инновациялық орта;
- педагогтердің 30 % - педагог педагогикалық шеберлік, кәсіби құзыреттілік деңгейі артады, олар оқытудың заманауи технологияларын меңгереді;
- Мектеп оқушыларының 100% - ы пікірсайыс қозғалыстарына, мектептің өзін-өзі басқаруына тартылатын болады;
- Мектепте оқушылардың дарындылығын дамытудың жеке траекториясы әзірленді;
- Мектепте оқушыларының 100% - ы зияткерлік, рухани және адамгершілік дамуының жоғары деңгейіне ие, өз елінің патриоты болып табылатын, әлеуметтік жауапкершілігі бар, сауатты, коммуникативтік қабілеттерінің жоғары деңгейіне ие болады;

- Мектепте оқушыларының 100% - ы салауатты өмір салтын ұстанатын, тұрақты өмір сүруге бағытталған тұлға ретінде өзінің құндылығын түсінетін адам болуы тиіс өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту, нақты мақсатты көзқарастар мен өмірлік бағдарларға ие болады;

- Мұғалімдер демократиялық азаматтық қоғам құру міндеттерін өз тәжірибелерінде зерттеу дағдыларын игерді.

Бағдарламаны іске асыру механизмі бағдарламалық іс-шараларды тиімді орындауды ұйымдастыру және күтілетін түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді бақылау құралы болып табылады. Бағдарламаны басқару жүйесі мектеп-лицейдің өзін-өзі дамыту процесін қолдау тетіктерін қалыптастыруды көздейді.

Мектеп-лицейді дамыту Бағдарламасын іске асыру механизмі оның құрамдас жобалары болып табылады:

- Бағдарлама жобаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық сүйемелдеуді әкімшілік пен педагогтар, оқушылар, мектептің ата-аналары және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылған жұмыс топтары жүзеге асыратын болады;

- Облыстың білім беру кеңістігінде ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін дөңгелек үстелдер, митаптар, қарқынды семинарлар өткізілді.

### **Даму Бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалуы**

Мақсат қою, түрлендіру процесі мен нәтиже арасында байланыс орнату үшін біз келесі мақсатты индикаторларды қолдандық

№	Индикатор/көрсеткіш	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	орындалуы
<b>1. Мамандандырылған мектептің тұрақты дамуы</b>				
1	Академиялық магистр дәрежесі бар мұғалімдердің үлесі	42%	46%	46% 21 педагог магистр.
2	Оқытуды дербестендірудің автоматтандырылған жүйесін құру және пайдалану	40%	50%	50%
3	Орта білім беру жүйесі саласында жүргізілген зерттеулер саны	2	3	42
4	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогикалық қызметкерлер саны	100%	100%	100%
5	Курстан кейін қолдау педагогикалық шеберлік орталығында санатын көтергендер арасындағы педагогикалық қызметкерлердің үлесі	25%	25%	25%
6	Республикалық конкурстарға қатысуға өтінім берген педагог қызметкерлердің үлесі	5%	7%	15%
7	Өнертабысты патенттеуге өтінім құжаттамасын ұсынған оқытушылар құрамының үлесі	0%	1%	1%

8	Оқушыларды конкурстық іріктеу процедурасын жетілдіру және жұмыс істеу	70%	80%	80%
9	Оқушылардың танымдық емес дағдыларын бағалау құралдарын әзірлеу және енгізу	70%	80%	80%
10	Ұсынылған ақылы өнімдер/қызметтердің саны	1	1	1
11	Оқу жылының соңындағы оқушылардың білім сапасы	88%	93%	93%
12	ББЖМ сыртқы бағалаудағы 9-сынып оқушыларының білім сапасы	80 %	85%	

**Бағыт 2. Мектеп педагогтарының кәсіби дамуы**

1	Мектептегі білім беру арнасын құру және жұмыс істеуі	2%	3%	2 жоба
2	Таратуға лайық идеяларды генерациялайтын мұғалім-көшбасшылардың желілік қоғамдастықта өз тәжірибесін таратуы	50%	60%	<a href="https://t.me/+yLY79q1GqCUyNwJi">https://t.me/+yLY79q1GqCUyNwJi</a>
3	Сыныптар, пәндер және тілдер контекстінде критериалды бағалау бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстардың саны және олардың таратылуы	45%	50%	50%
4	Зияткерлік өнімдердің саны (авторлық бағдарламалар, пәндерді оқыту әдістемесі, оқу құралдары)	5%	10%	5 зияткерлік өнім
5	Шет тілдерін меңгерген оқытушылар құрамының үлесі	21%	25%	25%
6	Мұғалімдердің жалпы санынан сертификатталған тренерлердің саны	11%	13%	28% 5 тренер
7	Бағалау құралдары мен процедураларын әзірлеу бойынша оқытылған мұғалімдер саны	43%	47	50%
8	Мұғалімдердің жалпы санынан республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конференцияларда сөз сөйлеген мұғалімдердің үлесі	22%	25%	26% 12 мұғалім
9	Педагогикалық шеберлік деңгейі бар мұғалімдердің үлесі:			
	Педагог - модератор	9%	13%	13%
	Педагог -сарапшы	4.5 %	6.6 %	6,6%
	Педагог -зерттеуші	43%	29.7 %	30,43%
	Педагог -шебер	20.4 %	19.1 %	19,5%
10	Мұғалімдердің сабақтарында IT технологияларды қолдануы	50%	60%	60%

**Бағыт 3. Дарынды балалармен жұмыс**

1	Республикалық және халықаралық конференцияларда ұсынылған зерттеулер саны	1	2	2 оқушы
2	Елде танылған оқушылардың ғылыми және зерттеу жобаларының саны	3	5	5 оқушы

3	Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен мектеп оқушыларының ғылыми жарыстарының жеңімпаздарының үлесі	1%	3%	10 жүлделі орын + 2 ҚГ
4	Жоғары оқу орындарына түскен мектеп түлектерінің үлесі	100%	100%	
5	Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конференцияларға қатысқан оқушылардың үлесі	1%	3%	38 қатысушы/11 жүлделі орын иегері
<b>Бағыт 4. Мектептің тәрбие жұмысының құндылық-бағдарланған жүйесі</b>				
1	Әлеуметтік жобаларға және қосымша білім беруге тартылған оқушылардың үлесі	100%	100%	100%
2	Мектеп түлектерінің желілік бірлестігінің жұмыс істеуі	1	1	1
3	Түлектер Форумын өткізу	1	1	1
4	Азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі	20%	35%	35%
5	«Жеке қауіпсіздік», «Буллингке қарсы мәдениет» іс-шараларына қатысу	100%	100%	100%
<b>Бағыт 5. Мектепті басқарудағы әлеуметтік және кәсіби серіктестік</b>				
1	Мектеп-лицейді дамыту қорына инвестиция тарту (жеке инвесторларды іздеу арқылы)	1	2	1. Ққызметкерлер дәретханасы (1млн) 2. Ффизика кабинетінің жабдықталуы (430 мың) 3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы кітап оқу сайысының бас жүлдесі – велосипед (180 000)
2	Мектеп-лицейдегі жобаны басқару процесіне ата-аналар қауымдастығын тарту	100%	100%	100% Қамқоршылық кеңес Әжелер кеңесі Әкелер кеңесі Ата-аналар кеңесі
3	Білім беру ұйымының қызметін қоғамдық бағалауды қолдану арқылы мектеп-лицейдің ашықтық дәрежесін арттыру	100%	100%	100% <a href="https://www.instagram.com/reel">https://www.instagram.com/reel</a> <a href="https://iasdarvnpvl.edu.kz/">https://iasdarvnpvl.edu.kz/</a>
4	Лицей мектебінің оқушылары мен мұғалімдерін ынталандыру үшін әлеуметтік серіктестік мүмкіндіктерін пайдалану	100%	100%	- Ә.Марғұлан Университеті мен арасындағы пікірсайыс қозғалысын дамыту Меморандумы бойынша келісім шарт орнатылған.

				<p>- Ә.Марғұлан атындағы педагогикалық университетпен</p> <p>Биология, тарих және география кафедраларының студенттері «ЖасДарын» мектеп –лицейінде тәжірибе өтеді.</p> <p>- Тереңкөл, Павлодар, Баянауыл аудандары білім бөлімдерімен өзара меморандум бойынша жұмыс жргізіледі.</p> <p>- С.Баязитов атындағы кітапханамен Меморандум.</p> <p>- Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейімен Меморандум..</p>
5	Қалада, облыста, республикада мектеп-лицейдің жағымды имиджін қалыптастыру	100%	100%	<p>100%</p> <p>Мектеп-лицей облыс бойынша жыл сайын жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясының жүлдегері.</p> <p>Республика бойынша 100 олимпиадалық мектеп рейтингісіне енеді.</p> <p>Мектепке қабылдау 100% жүзеге асырылды.</p>

### **Мәселе:**

Ұжымның әр мүшесі мектепті дамыту бағдарламасының орындалуын жүзеге асыруды негізгі мақсат ретінде қарастыру керек.

**Шешім:** Бағдарламаның қолданылу кезеңінде білім беру ұйымын дамытудың түпкі мақсатын білім беру сапасын арттыру тетігі ретінде құрылған «Табыс мектебі» жобалық моделін іске асырылуды қамтамасыз етеді.

### **Мектеп мұғалімдерінің ғылыми конференцияларға, семинарларға қатысуы**

**2023-2024 оқу жылында «Creative Lab» үздіксіз білім беру жобасы бойынша мектепте физика-математика орталығы қызмет атқарды.**

№	Семинар тақырыбы	Өту формасы	Өту уақыты	Пән	Пән мұғалімі
---	------------------	-------------	------------	-----	--------------

1	Олимпиада есептерін шығаруда шеңберге іштей сызылған төртбұрыштардың қасиеттерін қолдану	Шебер сынып	11.10.23	математика	Текенов А. А.
2	"Жолдық шамаларды өңдеуге арналған программаларды құру"	Семинар-сұхбат	20.10.23	информатика	Момынов Қ. М.
3	Lesson study зерттеу сабақтары - даму мен ілгерілеудің формуласы	Ғылыми қоғам	28.11.23	физика	Шайхимова А. М.
4	Платформалар арқылы сайт жасау	Семинар-сұхбат	19.12.23	информатика	Шайхимов А. А.
5	Математика сабақтарында түрлі қосымшаларды пайдаланудың тиімділігі	Семинар практикум	16.01.24	математика	Жанабек И. Қ.
6	«Өнертапқыштық тапсырмаларының шешу теориясы» (ӨТШТ) негізінде математика сабағында жобалау тәсілдерін қолдану	Семинар практикум	08.02.24	математика	Кожагельдинова Г. Н.
7	Python бағдарламалау тіліндегі шартты операторлар	Дәрісбаян	20.02.24	информатика	Базарбай Т. Т.
8	«Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері»	Семинар практикум	14.03.24	математика	Омарова Қ. О.
9	Физика сабақтарында Algodoo бағдарламасын қолдану	Семинар практикум	04.04.24	информатика, физика	Базарбай Б. Т.
10	5-6 сыныптардағы математика сабақтарында математикалық сауаттылықты қалыптастыру	Семинар практикум	18.04.24	математика	Семенова Д. Б.
11	Ықтималдылықтар теориясы бойынша есептерді шығару тәсілдері	Шебер сынып	17.05.24	математика	Смагулова С. С.

Жоспарға сай физика-математика, информатика пән мұғалімдері облыс мұғалімдеріне семинарлар өткізді. Алайда, облыс мұғалімдерінің осы шараларға қатысуы төмен деңгейде.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың тиімді жолдарының бірі - жақсы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс. Оқу-тәрбие мәселелерін шешуде үнемі тәжірибе жинақтап, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын ұтымды және нақты пайдалану қажеттілігіне байланысты әдістемелік жұмыстың рөлі қазіргі жағдайда айтарлықтай артып келеді.

Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау бойынша жүргізілген жұмыстарды **талдаудың мақсаты**: атқарылған шаралардың нәтижелілік деңгейін анықтау.

Жыл басында **жобаның мақсаты** айқындалған болатын: бірлескен әдістемелік іс-шаралар арқылы «Жас Дарын» мектеп-лицейінің мұғалімдері мен Тереңкөл, Павлодар, Баянауыл аудандары мектептерінің мұғалімдері арасындағы өзара әрекеттестік жүйесін ұйымдастыру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі **міндеттер** анықталды:

- мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес мұғалімдерді әдістемелік қолдау;

- педагогикалық технологияларды игерудегі мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеру;

- әртүрлі формадағы озық педагогикалық тәжірибені іздеу, синтездеу, талдау және енгізу;

- пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету;

- мұғалімдердің өзіндік білім алуына және өзін-өзі дамытуына әдістемелік қолдау көрсету;

11-сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындау.

Іс-шаралар барысында әдіснамалық жұмыстың әртүрлі формалары дәстүрге айналды, бұл бізге қойылған мәселелер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- баяндамалар;

- шебер- сыныптары;

- проблемаларды талқылау;

- коучинг;

- ашық сабақтар;

- желілік ынтымақтастық құру

Оқу жылының басынан аудандардың әдістемелік кабинеттерімен WhatsApp Web парақшасында желілік қауымдасуық құрылған. Мұнда күнделікті жұмыс бойынша ақпараттар, нұсқаулықтар, жұмыс сілтемелері жіберіліп отырады. Сонымен қатар негізгі пән мұғалімдерінің 11-сынып оқушыларымен жеке топтары құрылған. Өткізілетін сабақтан тыс педагогтер оқушылардың қалауы бойынша кез келген уақытта байланысқа шығады.

№	Шараның атауы	күні	Жауапты мұғалім	Қатысушы саны
1	«Жаңашыл мұғалімнің жаңашылдыққа көзқарасы» әдістемелік семинар (офлайн)	01.11.23.	Шаймерденова А.Т. педагогтер	81
2	The role of critical thinking in improving of writing and speaking skills of pupils on English language lessons	09.11.23	Жумагулова Д.Х.	11
3	«Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау жүйесі»	23.11.23	Шайхимова А.М.	12
4	Сабақта АКТ қолданудың өзектілігі	07.12.23	Абдрахманова Ф.Е.	9
5	Эссе жазу жолдары	31.01.24	Сырттанова А.М.	0

6	«Цифрлық және IT технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану»	15.02.24	Базарбай Б.Т.	0
7	Географиядағы есептер мен графикалық мәліметтер	13.03.24	Баянова С.Е.	0
8	Оқушыларды математикалық сауаттылыққа дайындаудың жолдары	18.04.24	Кожгельдинова Г.Н.	27

Апта сайын оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық консультациялары өткізіліп, төмендегі кесте бойынша жүзеге асырылды.

#### Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық кестесі

пән	мұғалім	күні	уақыты
Оқу сауаттылығы	Кабылова Айсулу Мажитовна	бейсенбі	16.00
Математикалық сауаттылық	Омарова Қымбат Ораловна	сейсенбі	15.00
Қазақстан тарихы	Жумадильдин Нурболат Еламанович	сәрсенбі	17.00
Дүние жүзі тарихы	Итемгенов Бакытбек Упышевич	дүйсенбі	18.00
қазақ тілі	Сырттанова Айнаш Тохтархановна	сейсенбі	16.00
қазақ әдебиеті	Аханбаева Сандигуль Ермуратовна	сенбі	10.00
математика	Жанабек Иран Қайратұлы	дүйсенбі	15.00
география	Баянова Самал Еркиновна	сейсенбі	15.45
информатика	Базарбай Бақытгүл Төлегенқызы	сейсенбі	17.00
физика	Шайхимова Айым Муратовна	бейсенбі	13.50
химия	Абдрахманова Фаридә Есимхановна	бейсенбі	16.00
ағылшын тілі	Ильясова Гүлмира Раушановна	бейсенбі	17.00
биология	Қрықбай Әсия Сайранқызы Тұрғанбек Әсел Оразтайқызы	бейсенбі	16.00

Тереңкөл, Павлодар аудандарының оқушыларын ҰБТ-дайындаудың тиімді оң жағы да бар екенін атап айтуға болады. Мұғалімдер облыс көлемінде семинар, шебер сынып, практикум сабақтар т.б шараларды өткізуге машықтанған. Өз тәжірибесімен бөлісуге әрдайым дайын.

#### Мәселе:

Өткізілетін семинарларға аудан педагогтерінің қатыспауы

#### Шешім:

1. Меморандум талаптарын аудандар тарапынан орындау.
2. Аудандық ББ бөлімдерімен хабарласып, меморандум негізіндегі жұмыстың тиімділігі жөнінде кері байланыс беруді ұсыну.

#### 2023/2024 оқу жылы мұғалімдердің конкурстарға, олимпиадаларға, іс- шараларға қатысуына мониторинг жүргізу

№	Конкурс атауы	Педагогтің Т.А.Ә.	Конкурс/олимпиада деңгейі		
			Облыстық	Республикалық	Халықаралық

1	Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Шайхимов Айдар Абылаевич	1		
2	Президенттік тестілеу, оқ ату. Алматы	Ескендірова Майса Тусуповна		1	
3	Шаңғы жарысы бойынша Павлодар қаласының ашық біріншілігі	Ескендірова Майса Тусуповна	1		
4	«Ай астындағы жарыс» шаңғы жарысы. Ақсу	Ескендірова Майса Тусуповна	1		
5	Әуесқойлар мен ардагерлер арасындағы шаңғы жарысы. Астана	Ескендірова Майса Тусуповна		1	
6	Шаңғы жарысы бойынша Щучинск қаласында өткен ҚР ашық чемпионаты	Ескендірова Майса Тусуповна		1	
7	«Дарынды балаларға – талантты ұстаз - 2024»	Тұрғанбай Әсел Оразбекқызы	2		
8	Халықаралық конференция	Жанғазы Гүлнар Садыққызы			Спикер сертификаты
9	Халықаралық конференция	Шаймерденова Алия Турсуновна			Спикер сертификаты
10	Халықаралық психологтар форумы	Асаинова Жулдыз Сериковна			сертификат
11	Халықаралық конференция «Білім берудегі заманауи тенденциялары және білім алушылардың салауатты өмір салты мен тұлғалық өсуі бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудағы мұғалімнің рөлі»	Жанғазы Г.С. Шаймерденова А.Т. Альменова Ж.К. Асаинова Ж.С. Кайдарова Л.С. Шайхимов А.А.			сертификат
12	Астана-кітап. «Химия электрондық оқулық», «Химия қостілді оқулық» электронды басылымдарының сарапшысы	Абдррахманова Фарида Есимхановна		Алғыс хат	
13	Педстарт олимпиадасы	Жанғазы Гүлнар Садыққызы		1	
14	Педстарт олимпиадасы	Альменова Жклдыз Кантаевна		2	
15	Педстарт олимпиадасы	Текенов Арыстан Анатольевич		3	
16	Педстарт олимпиадасы	Омарова Кымбат Ораловна		3	

17	Педстарт олимпиадасы	Кожагельдинова Гульнази Нигметовна		3	
18	Педстарт олимпиадасы	Казангапов Аблайхан Кажымуратович		3	
19	Мұғалімдер арасындағы 53-спартакиада	Ескендинова Майса Тусуповна	1		
20	Қысқы триатлон жарысы. Астана	Ескендинова Майса Тусуповна		1	
21	Жабық кешенде жеңіл атлетикадан қазақстан Республикасының чемпионаты. Астана	Ескендинова Майса Тусуповна		1	
22	Дуатлон бойынша Павлодар облысының чемпионаты	Ескендинова Майса Тусуповна	1		
23	“Ең үздік спортшы - 2023”	Ескендинова Майса Тусуповна	Төсбелгі		
24	Облыстық педагогикалық шеберлік конкурсы	Куставлетова Айгуль Баяновна	3		
25	Облыстық педагогикалық шеберлік конкурсы	Омарова Асель Уалиденовна	2		

Жақсы жақтары:

1. Педагог қызметкерлердің конкурстарға, олимпиадаларға, іс - шараларға қатысуы жақсы деңгейде. Дегенмен республикалық сайыстарға шығу деңгейі төмен.

Әлсіз жақтары:

Педагогтердің жоғары білім деңгейіне қарамастан, мұғалімдердің авторлық бағдарламалары облыстық сараптамалық кеңестен өтпейді. Сонымен қатар, зияткерлік конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысуға сапалы дайындығын талап ететін әдістемелік жұмыстың төмен нәтижелілігі байқалады.

Оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін «Сабақты зерттеу (Lesson Study) қалай жүргізу керек?» тақырыптық курсы өткізілді. Мұғалімдер өз тәжірибелерінде, сабақтарында өзгеріс барын байқаған. Дегенмен педагогтердің дені курстан алған білімдерін іс жүзінде қолдана алмады.

«Lesson Study» тәсілі - әлемдік білім беру кеңістігінде сапалы білім беруде үздік деп танылған жапондық тәсіл. «Lesson Study» сыныпты, әдіс-тәсілдерді зерттеу нысандарының бірі балғандықтан педагогтерге өзтәжірибесінде пайдалану ұсынылады.

Жалпы зерттеуді жүргізу барысын келесі кезеңдерде қарастыруға болады.

1. Ұйымдастырушылық
2. Жоспарлау
3. Сабақты зерттеу
4. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу.

### **Мәселе:**

«Жас Дарын» мектеп-лицейінің педагогтері облыс, республика көлемінде өткізіліп жатқан конкурстарға, олимпиадаларға, іс – шараларға белсенді қатысады. Әр сайыста жүлделі орындарға ие болып, жеңімпаз атанады. Дегенмен ұстаздардың білім дәрежесі, қабілеті мен еңбегінің нәтижесі конкурстар, олимпиадалар және педагогика саласындағы әртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып, иеленген марапатына қарай бағаланатындығына байласты қатысушы ұстаздар қатары аз.

### **Шешім:**

Пән мұғалімдерінің білімін арттыру тақырыптары аясында әдістемелік бірлестік ішінде ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп, бірін-бірі сүйемелдеу;

- Тиімді әдіс –тәсілдерді зерделеп, өз тәжірибесінде қолдану;
- Шығармашылық бағытта жұмыс жүргізіп, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру;
- Әр пән мұғаліміне оқушылардың орташа білім сапасын 100% - ға дейін арттыру;
- Әртүрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысу.

### **Жас мамандармен жұмыс**

2023-2024 оқу жылында «Жас Дарын» мектеп-лицейінде 4 жас маман жұмысқа қабылданды:

Жилгельдинова Камила Дюсембаевна – тарих пәнінің мұғалімі;

Қрықбай Әсия Сайранқызы – биология пәнінің мұғалімі;

Сатайбекова Аружан Маханқызы – физика пәнінің мұғалімі;

Тұрғанбай Әсел Оразбекқызы - биология пәнінің мұғалімі.

Әр жас маманға тәлімгер тағайындалды:

Жилгельдинова Камила Дюсембаевна – Итемгенов Бакытбек Упышевич, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер.

Қрықбай Әсия Сайранқызы – Сырттанова Айнаш Токтархановна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педпгог-шебер.

Сатайбекова Аружан Маханқызы – Кабылова Айслу Мажитовна, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер.

Тұрғанбай Әсел Оразбекқызы – Қалым Гульжазира Муратбековна, химия пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Жас маман мектебінің жұмысы «Тәлімгер мұғалімнің жас маманмен жұмыс жоспарына» сәйкес жүргізілді және келесі қызмет бағыттары бойынша жүргізілді:

- мектеп құжаттарын жүргізу;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- жас мұғалімді әдістемелік сүйемелдеу;
- өздігінен білім алу бойынша жұмыс;
- жас маманның бейімделуінің психологиялық негіздері.

Жас маманмен жұмыс істеудің бірінші «бейімделу» кезеңінде мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеу ерекшеліктерімен, мектептің ереже, жарғысымен таныстырылып, жалпы шолу жасалынды. Екінші кезекте құжаттармен жұмыс істеу бойынша жас маманға «Күнделік.кз» платформасына тіркеліп, сынып

журналымен жұмыс жасаудың нұсқаулығымен таныстырылды. Әр жас маманға өз пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құруға, оны «Күнделік.кз» платформасына жүктеуге бағыт-бағдар берілді.

Келесі «негізгі кезең» бойынша жас мамандар тәлімгерлердің сабақтарына қатысып, әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жалғастырды. Сондай-ақ, тәлімгерлер де жас маманның сабақтарына кіріп, сабақты талдауға, критериалды бағалауды дұрыс ұйымдастыруға, жаңа инновациялық технологияларды өз сабақтарында тиімді пайдалана білуге үйрету, сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары жоспарланып өткізілді. Жас маман өзін толғандырған мәселелермен бөлісіп, кеңес алып отырды. Жас маманмен сабақтардың барысына талдау жасалынып, сабақтарына өздігінен талдау жасай білуге үйренді.

Әлкей Марғұлан университетінің аға оқытушысы Утилова А.М. жыл көлемінде жас мамандарға шебер сағаттар, 1 күндік курс, семинарлар өткізді.

Жас мамандар жыл бойында келесідей нәтижелерге қол жеткізді.

№	Жас маманның аты-жөні	Неше семинарға қатысты	Неше сабаққа қатысып, тәжірибелі ұстаздардан дәріс алды	Оқушыларының білім сапасы	Өзінің жетістіктері	Оқушылардың жетістіктері
1	Жилгельдинова Камила Дюсембаевна	«Сабақты зерттеу (Lesson Study) қалай жүргізу керек» тақырыбындағы 8 академиялық сағат	1. География пәні 10 «Ә» сыныбы Баянова С.Е. 2. Химия пәні Қалым Г.М. 9 «А» сыныбы, 3. Қазақ әдебиеті пәні Қабылова А.М. 8 «Ә» сыныбы, 4. Физика Шайхимова А.М. 8 «А»	5 «А»-100% 6 «Б»- 100% 7 «Ә»-95% 9 «А»-100% 9 «Ә»-100 %	«Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім мен ғылымның сапасы» атты ХІХ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда мақала қорғалды. І Дәрежелі диплом	1) Нығметқызы Зайни 9- сынып «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар республикалық зияткерлік конкурсы облыстық кезеңінің ІІ орын жүлдегері 2023ж; 2) Исабаева Ильназ 6- сынып Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ Бота» зияткерлік олимпиадасы І орын жүлдегері 3) Сериков Аян 5- сынып Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ Бота» зияткерлік олимпиадасы ІІІ орын жүлдегері 4) Нығметқызы Зайни 9- сынып Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезең ІІІ орын жүлдегері 5) Исабаева Ильназ 6 сынып Жалпы білім беретін пәндер бойынша

						республикалық олимпиаданың облыстық кезең І орын жүлдегері 6) Сериков Аян 5- сынып оқушысы 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасы І орын Исабаева Ильназ 6 сынып Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ Бота» зияткерлік олимпиадасы І орын жүлдегері
2	Қрықбай Әсия Сайранқызы	«Сабақты зерттеу (Lesson Study) қалай жүргізу керек» тақырыбындағы 8 академиялық сағат	1.География пәні 10 «Ә» сыныбы Баянова С.Е. 2.Химия пәні Қалым Г.М. 9 «А» сыныбы, 3.Қазақ әдебиеті пәні Қабылова А.М. 8 «Ә» сыныбы, 4.Физика Шайхимова А.М. 8 «А»	7 «Б» -100% 9 «А»-100% 9 «Ә»-95.8% 10 «А»-100% 10 «Ә»  (1-топ)-100% 11 «А»-100%		Макаров Муслим «Дүниежүзілік су күні» облыстық акциясының 2-орын иегері, Туменбаев Алдияр 9- сынып «El Umiti Talent» Республикалық олимпиадасына қатысты, Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде ІІІ орын жүлдегері.
3	Тұрғанбай Әсел Оразбекқызы	«Сабақты зерттеу (Lesson Study) қалай жүргізу керек» тақырыбындағы 8 академиялық сағат, «Өсімдіктер экологиясы және эндемизмі : тау	География пәні 10 «Ә» сыныбы Баянова С.Е. Химия пәні Қалым Г.М. 9 «А» сыныбы, Қазақ әдебиеті пәні Қабылова А.М. 8	7А -100% 7Ә-100% 8А-100% 8Ә-95,83% 10Ә (2-топ)-100% 11Ә-100%	«Менің білім берудегі инновациям» конкурсы ІІ дәрежелі диплом, «Педагогикалық дуэт-2024» сертификат.	Аубакирова Камила - 7-9 - сынып оқушылары арасында биология пәні бойынша «El Umiti Talent» республикалық олимпиадасының финалына қатысқаны үшін сертификат, Облыстық жасөспірімдер олимпиадасы 1 орын, «Бағындырғандар үшін жауаптымыз» облыстық акциясында 1 орын. Бастемиева Анель- пәндер арасындағы облыстық олимпиада 3 -орын.

		экожүйесі сінің мысалында» тақырыбы бойынша 72 сағ көлемінде ғылыми тәжірибелік біліктілікті курсы	«Ә» сыныбы, Физика Айым Муратовна 8 «А» сыныбы, Қазақ тілі пәні Сырттанова А.Т. 7 «А» сыныбы			«Қанатты достар» аймақтық акциясы 3 орын.
4	Сатайбекова Аружан Маханқызы		1.Жанабек М.Қ. математика 7-сынып	7-«Ә»100% 7-«Б»100% 9 «Ә»100%		
5	Семенова Диана Болатовна	«Сабақты зерттеу (Lesson Study) қалай жүргізу керек» тақырыбы ндағы 8 академия лық сағат	1.Омарова К.О. Геометрия пәні 8 «А» сынып ; 2.Смагулова С.С. Алгебра 7 «Ә» сынып; 3.Жанабек И.Қ. Геометрия 9 «Ә» сынып; 4.Шайхимова А.М. Физика пәні 8 «А» сыныбы ; 5.Текенов А.А. Алгебра 9 «А» сынып	5 «Ә»-100% 6 «Б»- 100 % 6 «Ә»- 91,67%	«Педстарт» республикалық қашықтық олимпиаданың қатысушысы сертификат; Халықаралық білім беретін ғылыми-педагогикалық әдістемелік шығармашылық бағыттағы «ALTYN BILIM KILTY» журналында білім дамыту саласындағы өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын жариялағанын растайтын сертификат	1) Қалиасқар Өлкен 6 сынып «Кенгуру» ойын коркусының қатысушысы сертификат 2023ж; 2) Капкенов Ерасыл 6 сынып оқушысы «Кенгуру» ойын коркусының қатысушысы сертификат 2023ж; 3) Капкенов Ерасыл 6 сынып оқушысы «Кенгуру» ойын коркусының қатысушысы сертификат 2023ж; 4) Қален Санжар 6 сынып оқушысы «Кенгуру» ойын коркусының қатысушысы 3 орын 2024ж; 5) Сансызбай Ілияс 6 сынып Смагулов олимпиадасы 3 орын 2024ж

Қорытындылай келе, жас мамандарға теориялық білімді жүзеге асыру, кәсіби, әдістемелік көмек, бағыт-бағдар беру жұмыстары жүргізілгенімен, орташа деңгейде. Дегенмен, тәлімгер Қалым Г.М. жұмысын ерекше атап өтуге болады. Гульжазира Муратбековна тәлім алушысы- Әсел Оразбекқызымен жүйелі жұмыс жасап жетістіктерге жетті. Екеуі облыстық сайысқа да қатысты.

Итемгенов Б.У. тәлімгері – К.Д. Жилгельдинованың оқушылары сайыстарға қатысып жүлделі болғанымен, жеңімпаз жоқ. Мұғалім кәсіби сайыстарға қатыспады.

Тәлімгерлер – Қ.О.Омарованың, Сырттанова А.Т. жұмыстары қанағаттанарлықсыз деп есептелді.

Тәлім алушы Сатайбекова А.М. қараша айында декреттік отпусқаға шықты.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша тәлім алушылар – К.Д.Жилгельдиноваға, Ә.О. Тұрғанбайға, Ә.С.Қрықбайға педагог санаты берілді.

Екі жыл еңбек өтілі бар жас маман – Семенова Д.Б. жинақтаған тәжірибесі аз. Тәлімгері Омарова К.О. жүйелі жұмыс жасаған жоқ.

### **Мәселе:**

Жас мамандардың сабақ өткізу барысындағы әдістемеліктің жеткіліксіздігі;

Арнайы конкурстарға қатысу деңгейінің төмендігі.

### **Шешім:**

- Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлерге әдістемелік көмек көрсетіп, тәжірибеде қолдануды ұсыну, қадағалау.

- әр түрлі деңгейдегі оқушылармен жеке жұмыс жасау мәселелерінде жас маманның құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс істеу;

- жұмыс барысында оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тиімді тәсілдер мен әдістерді зерттеуге және практикалық қолдануға бағыттау;

- назар аударатын жұмыс тақырыбы: өздігінен білім алу, оқушыларды республикалық олимпиадаларда жеңімпаздар болатындық дайындау.

- Шешімнің орындалуын әкімшілік кеңесте қарастыру.

### **«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуы**

2023-2024 оқу жылындағы қыркүйек айында «Тілдерді қолдану мен дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде өткізілетін іс-шаралардың жоспары бекітілді.

Мектеп құжаттарын бір тілде жүргізу тәртібі сақталады: оқушылар мен педагогикалық ұжымның іс қағаздары, бұйрықтар, ақпараттық стенд материалдары, азаматтарды қабылдау, электрондық сынып журналдарын мемлекеттік тілде ресімдеу, мектепшілік шараларды мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынған. Педагогикалық ұжымның барлық жиын, отырыстары да тек мемлекеттік тілде өтеді. Тіл туралы Заңды іске асыру бағытында жоспар бойынша жұмыс атқарылуда.

Бес әдістемелік бірлестік өз жоспарын құрастырып, жоспар бойынша жұмыстарын жүргізеді. Барлық шаралар бекіткен уақытта өтеді. ӘБ жетекшілері «Тілдер онкүндігі» бойынша материалдары мен ақпараттарын талдап, мезгілімен тапсырады.

Әр ӘБ жеке атап кетсек, келесі жұмыстарды атқарды:

оқу жоспары бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша «Ағылшын тілі», «Эссе жазу» *факультативтік* арқылы оқыту мазмұны

бастауыш сатымен сабақтас және болашақта оқушылардың бұл бағыттарда білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Оқу -тәрбие үрдісіндегі даралау, ізгілендіру, түрлендіру негізінде, оқушылардың қабілет мүмкіндігін терең ашу, жетілдіру мәселесіне үлкен көңіл бөлініп отыр.

Қазақ тілі пәні бойынша білім деңгейлері нөлдік, аралық, жылдық жазба жұмыстарын салыстыра отырғанда оқушылардың сауаттылығы, яғни білім деңгейлері біршама жетістіктерге жеткені анықталды. Оқушылардың білім сапасы – жоғары деңгейде 94%, ал оқу үлгерімдері мемлекеттік қалып бағдарламасын орындап, оптималдық (100%) деңгейге жетті. Жеткілікті жоғары деңгейге жеткен себебі -жазбаша жұмыстары жыл бойы жүйелі түрде өткізіліп, жазба жұмыстарында жіберілген қателерін психологиялық тұрғыдан іздестіріп, оның негізгі себептері анықталып, әр оқушы өзінің жіберген қателеріне талдау жасап отырды. Оқушыларға ұқсас ережелерді тиянақты меңгерту мақсатында салыстыру әдісімен эксперименттік сабақтар жүргізілді.

Сабақ барысында оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріліп, қазақ тілі пәніне қызуғышылықтарын арттыру қосымша сабақтар арқылы жүзеге асырылды. Ата- аналармен кездесіп, үйде қадағалап отыруларына ұсыныс жасалды.

Ана тілі пәні бойынша оқушылардың білім сапасы – жеткілікті, оқу үлгерімі - оптималдық деңгейде. Әр бөлімнің соңында бақылау жұмысы алынып отырылды. Оқу жылының барысында оқушылардың оқу дағдылары, яғни дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқулары тексерілді. Оқушылардың нәтижелері мемлекеттік стандартының сұранысына сай.

Бағдарлы пәндерден оқушылардың тереңдете білім алуы үшін бейіндік атына сәйкес «Қолданбалы курстар» және «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» блоктарындағы көрсетілген оқу сағаттары «Француз тілі» үйірмелеріне, «Эссе жазу»факультативтік сабақтарына берілді. Көптілдік білім беру бағытындағы эксперимент биология, физика, химия, информатика факультатив курстары ағылшын тілінде оқытылады.

Мектепте 13 тіл маманы тілдердің оқытылуын жүзеге асыруда. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі -4, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі -3, француз-1, ағылшын тілі ұстазы -5. 13 мұғалімнің барлығы жоғары білімді. Соңғы жылдармен салыстырғанда, мұғалімдерінің сапалық құрамы төмендегідей болды: Қазақ тілі орыс тілі мұғалімдері барлығы да жоғары білімді. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірліктерді бекіту, ойын моделі, проблемалық оқытуды, кестелік оқытуды және белгілік модельмен жеделдетіп оқыту технологияларын іс-жүзіне асыруда.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатындағы өткізілген іс- шаралар:

Тілдер мерекесі аясында жүргізілген қазақ, орыс, ағылшын тілі мамандарының ұйымдастаруымен «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» атты онкүндік жоғары дәрежеде өтті.

2023-2024 оқу жылының 18-22 қыркүйек аралығында ана тілінің мерей-мәртебесін арттыру мақсатында мектебімізде Тілдер мерекесі аясында «ТІЛ МЕРЕЙІ-ЕЛ МЕРЕЙІ» атты қазақ тілі мен әдебиеті апталығы өтті. Апталық шеңберіндегі іс-шаралар мерейтой иелері - Төле бидің 360,

Бұхар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығы, Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығы, Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналды.

25-29 қыркүйек аралығында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен апталық өткізілді.

Тілдер пәні апталығының жалпы тәрбиелік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы зор. Ол тіл білімін тереңдетіп, кеңейтіп қана қоймай, мектеп оқушыларының ой-өрісін кеңейтуге, олардың шығармашылық белсенділігін, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етіп, тіл үйренуге деген тәрбиелік ынтасын арттырады.

№	Шараның атауы	күні	Жауапты мұғалім	Қатысушылар саны
1	«Билер сыны»	18.09	Сырттанова А.Т.	8-10 – сынып
2	Ертегілер негізінде «Квест ойын»	18.09	Кабылова А.М.	6-7 – сынып
3	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі негізінде квест ойын	18.09	Аханбаева С.Е.	5-сыныптар
4	Мұзафар Әлімбаевтің 100 жылдығына орай 5-сыныптар үшін әдеби –танымдық сайыс	19.09	Аханбаева С.Е.	5-сыныптар
5	«Әдебиет әлеміне саяхат» тақырыбында лото ойыны	20.09	Сырттанова А.Т.	6-сыныптар (68 оқушы)
6	«Үш кемеңгер дүлділім, сақтаған ел бірлігін» тақырыбында өнер-білім сайысы	21.09	Кабылова А.М.	7-сыныптар (24 оқушы)
Мәселе: оқуларда оқушылар ән байқауларына қатыспайды, ақындар мектебіне және айтысқа қатысатын, конкурстарға жанкүйер ретінде қолдау көрсетуге баратын балалар саны аз, тоғызқұмалақтан жетістіктердің болмауы. Бұған оқушылардың уақытының тапшылығы және үйірмелерге қызығушылықтарының төмендігі әсер етеді.

Шешу жолдары: сайыстарға қатыстыру мақсатында іріктеу жұмысын ұйымдастыру, Таланттар шоуын өткізу, сыныптар арасында турнир жасау. Оқушыларға бос уақытын тиімді қолдануына сепші болу.

Табиғатқа ұқыптылықпен қарау, қорғау және еңбекқорлыққа баулу мақсаттарын орындау барысында мектепте:

- Әр тоқсан сайын тазалық күндері;
- «Экобум» жобасы аясында пластикалық қақпақтарды жинап тапсыру;
- «Таза Қазақстан» науқаны аясында мектеп қызметкерлері мен әкелері кеңесінің мүшелері мектеп, оқушылар өз үйлерінің ауласы мен қаладағы саябақтар аймақтарын жинастыру;
- Жаз бойы оқушылар мектеп-лицей ауласындағы гүлдерге күтім жасап, суару шараларын өткізді.

Мәселе: ата-аналардың көпшілігінің белсенді болмауы.

Шешу жолдары: Оқушыларды ата-аналарының үлгісі арқылы ынталандыру. Белсенді оқушыларды мадақтау.

#### Жеке мектепшілік жобалар

№	Жобалар атауы	Қамту	Нәтиже
---	---------------	-------	--------

1	«Оқушыдан оқушыға»	16	«Кенжекөл ауылының балалар ауылы» тәрбиеленушілеріне арналған қайырылымдық науқаны ұйымдастырылды
2	«Рейтинг»	386	«Топ жарған» марапаттау рәсімінде үздік оқушы марапатталды

### **Қорытындылай келе:**

Ағымдағы оқу жылында мектеп ұжымының ең маңызды жетістіктері:

1. Баланың жеке басының даму процесіне, оның адамгершілік, танымдық, коммуникативтік, эстетикалық, еңбек, физикалық әлеуетін қалыптастыруға педагогикалық ықпал неғұрлым тиімді болды.

2. Оқушылар мен ата-аналардың мектептің тәрбие жұмысына қанағаттануының өсуі байқалады;

3. Отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл нысандары дамуын жалғастыруда. Мысалы: ата-аналарға арналған конкурстар мен жарыстар, проблемалық мәселелерді бірлесіп талқылау, шараларды бірлесіп өткізу және демеушілік.

4. Тәрбие жүйесінің субъектілері болып табылатын ұйымдармен тұрақты ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жүргізілді.

Алайда тәрбие жұмысын ұйымдастыруды едәуір қиындататын бірқатар мәселелерді жоққа шығаруға болмайды.

Мәселе:

1. Сынып жетекшілердің бала психологиясына зейін қойып, қадағалауларының аздығы.

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламаларының толығымен жүзеге аспауы.

3. Оқушылардың сайыстарға қатысу барысында уақыттарының тапшылығы.

4. 2023-2024 оқу жылында Парламент мүшелерінің жұмысы қанағаттанарлықсыз болды.

5. 2023-2024 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде проблемалар кездесті (тәртіп бұзушылық)

6. Мектептегі үйірмелердің жұмысы қанағаттанарлықсыз болды. Жетістіктер тек спорттық үйірмелер тарапынан ғана болды.

Шешу жолдары:

«5 минуттық оқу», «Рейтинг», «Ақпараттық жиындар», «Флешмоб», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын жалғастыру.

Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жұмысын жаңартып, арттыру.

Психологиялық-педагогикалық ағарту және оқу-тәрбие үдерісін сүйемелдеу бойынша мұғалімдер мен ата-аналардың біріккен жұмысын: семинарлар, тренингтар және т.с.с. жұмыстар арқылы белсендету;

«Даму картасы» жобасы бойынша жұмыстарды арттыру;

Кәсіптік бейімделу бойынша жоғары сынып оқушыларымен жұмысты, олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және бейімдерін анықтай отыра белсендету (психологиялық зерттеулер жүргізу, НУ түсуге жетелеу);

2023-2024 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде кездескен проблемалардың нәтижесінде «Әкелер кеңесі» жобасын күшейтіп, жалғастыру;

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жаңарту;

«Аналар клубы», «Әжелер клубы» жобасын күшейту;

Әлеуметтік жобаларды (балалар үйі мен карттар үйі) жалғастыру;

«Математиктер тақтасы», «Spiking club», «Дебат» жобаларын жалғастыру;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын толық іске асырып отыру.

«Анаға қарап – қыз өссер!», «Әкелер кеңесі» жобасының жұмыстарын күшейту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жалғастыру.

### Психологиялық қызмет

2023-2024 оқу жылың 1-тоқсанында мектепке жаңадан келген оқушылармен тренингтер және диагностика жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың мектепте мазасыздық деңгейін айқындайтын әдістер қолданылды.

5 - сыныптарла диагностика көрсеткіштері

№	Сынып	Бейімделуден өткендер саны	сәтті	Бейімделуде қиыншылықтары болғандар саны
1	5а	24		0
2	5ә	24		0
3	5б	23		1

5-6 сыныбындағы 1 оқушышының ата-анасы психологиялық сүйемелдеуден бас тартты.

Психолог қызметін атқара отырып, келесі әдістемелер қолданылды: әр сыныптан дағдарыс жағдайының болу факторларының кестесі, сыныптың әлеуметтік құрылымын бақылау мақсатында социометрия, Почебургтың агрессияны зерттеу әдістемесі, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін Г.Н.Казанцев әдістемесі, Б.Н.Филлипстің үрей деңгейін анықтау әдістемесі, жеке тұлғаның кәсіби бағытын анықтауға арналған Л.А.Йовайши әдістемесі жүргізілді.

1. «Менің мектебім» әдістемесі
2. Федоренко әдістемесі
3. Лусканова әдістемесі
4. Өзін-өзі бағалау әдістемесі
5. Социометрия әдістемесі.
6. «Қай пәнді қызыға оқисың?» әдістемесі

Бастауыш сыныпта жақсы оқып жүрген оқушы орта буынның ерекшеліктеріне байланысты өз күшіне сенімсіздік туғызса, өзін төмен бағаласа, келесі сыныптарда да өзін төмен бағалап, оқуына селқос қарауы мүмкін.

Дигностикалау кезінде 5,7,9,10- сыныптар арасында жүргізілді:

- 5-6- сыныптарда оқушылардың таным үрдістерінің дамуын, бағыттарын зерттеу;
- 7 - сынып оқушылардың зияткерлік қабілеттерін Амтхауер тестімен зерттеу;
- 8- сынып оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін жедел диагностикалау;
- 9- сыныптарда оқушылардың қызығушылық картасы (А.Е.Голомшток әдістемесі бойынша);
- 10 - сынып оқушыларымен А.И. Савенков әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Алынған нәтижелер бойынша қортынды және талдау жасалып, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, оқушыларға және ата-аналарына ұсынастар мен кеңестер берілді.

11-сынып оқушыларымен тұлғаның қызығушылығы мен қабілетін анықтау мақсатында А.Е.Голомшток бойынша «Қызығушылық картасы» әдістемесі қолданылды. Сонымен қатар, қорытынды аттестация және ҰБТ алдындағы қобалжу, үрей, қорқу деңгейлерін төмендету мақсатында тренингтер мен жаттығулар өткізілді.

Дарынды балалардың сипаттамаларын талдау негізінде баланың шығармашылық әлеуетін көтеру үшін келесі тренингтер өтті:

- Қобалжу- қалыпты құбылыс;
- Сәттілік серік болсын;
- Бойдағы қорқынышты төмендету;
- Позитивті ойдың маңыздылығы.

Ата-аналар жиналысын ұйымастырып, жасөспірімдердің өзін-өзі бүлдіруші мінез-құлықтарының алдын алуға ата-ана жауапты екендігі ескертілді.

Ата-аналардың немесе балалардың басқа да заңды өкілдерінің келісімін алу ауызша жүргізілді. Осылайша, бағдарлама және оның құрамдас бөлімдері бойынша ақпарат беру ата-аналар жиналысында жүзеге асырылды.

Мәселе:

Педагогикалық кадрлармен жұмыстың әлсіздігі;  
 Дарынды оқушылармен жүйелі жұмыстық жоқтығы;  
 Білім алушылардың жас ерекшеліктері бойынша тақырыптық сағаттардың аздығы.

Шешім:

Педагогикалық кадрлармен жұмысты күшейту;  
 Дарынды балалармен жүйелі жұмыс жасау;  
 5-9- сынып оқушыларымен жас ерекшеліктерін ескере отырып тақырыптық сабақтар өткізу.

## 2023-2024 оқу жылындағы кітапхана жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен шаралар

№	Шара атауы	Қамтылу	Нәтиже
---	------------	---------	--------

1	5 минуттық оқу	386	Оқушылар ұнаған әдеби кітаптарын оқыды
2	«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз»	12	Оқыған кітаптары бойынша басты кейіпкерлерін бейнелеп, суреттер әлеуметтік желіге салынды
3	«Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз»	360	оқыған кітаптарының нәтижелерін жіберіп әлеуметтік желіге салынды
4	«Әдеби джем» ойыны	24 5б-сынып	Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» атты повесің мазмұнын түсінуін тексеру

**2023-2024 оқу жылының барысында өткен шаралар**

<b>№</b>	<b>Шара атауы</b>	<b>Қамтылу</b>	<b>Нәтиже</b>
1	С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханасында жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80 жылдығы	45 10-сынып	дөңгелек үстел
2	2023 жылы келген жаңа әдеби кітаптарды цифрландыру		mp3 форматта слайд жасалды
3	Оқу жылы барысында оқушылардың кітаптарын тексеру	356	5-6 - сыныптардың кейбір пән кітаптары ескіріп, тозығы жеткен.
4	Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы, «Бейбіт елдің көк байрағы» атты кеш	19 7б сынып	Отан, елін, жерін сүйеге деген патриоттық сезімдерін оятты
5	«Желтоқсан жаңғыры» сынып сағаты	72 5-сынып	Желтоқсан оқиғасына байланысты ақпараттар берілді
6	«Бұхар жырау» атындағы әдебиет және өнер мұражайы, «Қазақтың Қанышына – 125 жыл» көшпелі көрмесі	45 10-сынып	ҚР. ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик жайлы деректер алды
7	«Қ.Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі» библиофреш	72 5-сынып	Академик жайлы деректер алды
8	Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан ғылымына қосқан материалдар жинағына Буккросинг	386	Академиктің шығармашылығына қол жеткізу

9	«Менің сүйікті кітабым» республикалық челленджі	214 5-7 сынып	«Менің атым – Қожа», «Көксерек» «Ұшқан ұя», «Шыңырау» тестілеу және сюжет бойынша сурет салу
		142 8-10 сынып	
10	23-сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні	356	Ақпараттық сағат

Мәселе:

1. Кітапханада өткізілген шаралардың аздығы;
2. Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүйелі жұмыстың болмауы;
3. Кітапханаға келушілер саны аз.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында пән мұғалімдерінің жоспарымен бірлесе отырып өткізетін іс-шараларға қатысу;
2. Атаулы күндерге шаралар ұйымдастыру;
3. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында әдеби кітаптар таңдауда жас ерекшеліктеріне сай көркем әдебиеттің мазмұнына Анонс жасау.
4. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай кітапханадағы әдеби кітаптарға қысқаша шолу жасап, қызығушылықтарын ояту.

### Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстың талдауы

Мектеп-лицейінде кәсіптік бағдар беру жұмысы өте өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. 9-11 - сынып оқушылары болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға әлі дайын болмағандықтан, кәсіби бағдар беру жұмыстары жоспар бойынша жыл бойы қарастырылды.

#### Ата-аналармен жұмыс

№	Шараның атауы	Ата-аналар саны	Форматы	Жауапты	Қамтылу
1	«Менің ата-анамның мамандығы» бейнероликтер	25	Бейнероликтер	А.У.Омарова Сынып жетекшілер	386
2	Ата-аналармен мамандық жайлы сынып сағаттары	32	Сынып сағаты	А.У.Омарова	386
3	«Мамандық тар әлемін ашамыз» атты сынып сағаттары	25	Сынып сағаты	А.У.Омарова	214

№	Шараның атауы	Мезгілі	Форматы	Жауапты	Нәтиже
1	Назарбаев Университетінің мамандарымен кездесу.	8.09.2023	Кездесу	Сынып жетекшілер	Түлектерге керек ақпарат беру
2	Нарықпаев Университетінің мамандарымен кездесу	9.11.2023	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
3	«Сулейман Демирель атындағы университетінің ішкі гранттары туралы ақпарат.	24.11.2023	Кездесу	А.У.Омарова	Ақпарат беру
4	Razakh-British Technical Univerity мамандарымен кездесу.	06.12.2023	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
5	«Ақпараттық технологиялар колледжіне» 9- сынып оқушыларымен экскурсия	22.01.2024	Саяхат	А.У.Омарова	Кездесу
6	Истанбул Мәдениет Университеті мамандарымен кездесу	14.02.2024	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу

#### Экскурсия және өндірістерге бару

№	Шараның атауы	Мезгілі	Форматы	Жауапты	Нәтиже
1	Павлодар облысында кәсіпорындарға экскурсияға бару. «КазАвто Жол» 8 «А» сыныбы	13.09.2023	Экскурсия	А.У.Омарова Сынып жетекші	Әр сыныппен кәсіптік бағдар беру жұмысын арттыру
2	Тәттілер мұрайжайына саяхат	20.09.2023	Саяхат.	А.У.Омарова Сынып жетекшілер	Экскурсия
3	Архивте ашық есік күндері.	21.09.2023	Экскурсия	А.У.Омарова	Кездесу
4	«Крендель» ЖШС кәсіпорнына саяхат	25.09.2023	Экскурсия	А.У.Омарова	Кездесу
5	«Сүт» АО кәсіпорнына саяхат	21.11.2023	Экскурсия	А.У.Омарова	Экскурсия
6	Ішкі істер департаментінің мұражайы мен қала камераларының көрінісімен танысу	27.11.2023	Саяхат	А.У. Омарова Сынып жетекшілер	Саяхат

7	«Халық банк» АҚ мамандарымен 8 - «Ә» сынып оқушыларымен экскурсия	06.12.2023	Саяхат	А.У.Омарова	Саяхат
8	Павлодар облысы Жол активтерінің ұлттық сапа орталығына экскурсия	19.12.2023	Саяхат	А.У.Омарова	Саяхат
9	Павлодар Торайғыров университетінде «Сана» халықаралық ғылыми зерттеу көрмесі.	12.04.2024	Көрме	А.У.Омарова А.М.Шайхимова	Көрме

### Кездесулер

№	Шараның атауы	Мезгілі	Форматы	Жауапты	Нәтиже
1	Әскери мамандықтармен танысу кездесуі	14.09.2023	Кездесу	А.У.Омарова АӘД мұғалімі	Ақпарат алу
2	Назарбаев Университетінің түлектері, «Жас Дарын» мектеп-лицейінің түлектері- Б.Темірлан, Б.Скаковпен кездесу.	21.12.2023	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
3	«Азаматтық Авиация Академиясы» мамандарымен кездесу	17.01.2024	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
4	«Эйр Астана» компаниясының ұшқышымен кездесу	29.01.2024	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
5	Түлектер форумы 2024 жыл. Мектеп түлектерімен кездесу.	24.02.2024	Түлектер форумы	Мектеп ұжымы	Форум
6	«Жастар бастамаларын дамыту орталығы» кәсіптік бағдар маманымен кездесу	24.04.2024	Кездесу	А.У.Омарова	Кездесу
7	9,10,11- сынып оқушылары мен ата-аналарының кездесуі	Жыл бойы	Кездесу	Мектеп басшысы А.У.Омарова Ж.К.Альменова	Мамандық таңдау бойынша директор жанында кездесу

### Жобалар бойынша сынып сағаттарының өткізілуі

№	Шараның атауы	Мезгілі	Форматы	Жауапты	Нәтиже
	Кәсіптік бағдар беру практикумы	18.09.2023	Форсайт ойындар	А.У.Омарова И.С.Султанов	Жоба құру

	Кәсіптік бағдар беру практикумы	18.09.2023	Форсайт ойындар	А.У.Омарова И.С.Султанов	Жоба құру
	«Жүз жол - бірі сенікі» 10-«Ә» сынып оқушыларымен сайыс сабақ.	03.05.2024	Сайыс сабақ	А.У.Омарова	Сайыс сабақ

Мәселе:

Қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушылармен кәсіптік бағдарлау бойынша 7,9-сыныптарда жұмыстың аздығы;

Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формалары, заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың жеткіліксіз болуы.

Шешім:

- Кәсіби маманның қалыптасуына тікелей әсер ететін ата-аналар мен мұғалімдердің өзара іс-қимылын жандандыру.

- Білім алушыларды өңірде және аудандарда сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға бағыттау.

- 7-11- сыныптарда тәрбие-білім беру процесінің барлық субъектілерін қоса отырып, кәсіби бағдарлаудың пәрменді дараланған жүйесін құру.

### **2023 – 2024 оқу жылындағы аға тәлімгер жұмысының талдауы**

Аға тәлімгер жұмысының негізгі мақсаты әлеуметтік-бағытталған, қызметке қабілетті, белсенді азаматтық ұстанымы бар шығармашылық тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау. Адамгершілік әлеуеті жоғары тұлғаны тәрбиелеу.

#### Ерекше тиімді өткен шаралар

№	Шара атауы	Қамтылу	Нәтиже
	Адал ұрпақ еріктілері облыстық слеті	8	жүлделі иеленді 3-орынды
	«Мен қазақ тілін сүйемін», «Дене сергіту», «Ұстазыма мың алғыс», «Қадірлі Қазақстан, Отан-Ана», «Арайлы Атамекенім», «Менің отбасым», «Қыран елім-Қазақстаным» челленджері	386	Тақырыбына орай құндылықтар дәріптелді
	Республикалық «ДосБолLIKE» науқаны	214 5-7 сынып	Әлеуметтік желіге жарияланым
	«Адалдық дүкені»	386	Сатушысыз дүкен, қаржылай сауаттылық пен адалдық

#### Өзін-өзі басқару ұйымы

№	Шара атауы	Форматы	Қамтылды
1	Anti-backpack day	Науқан	5-11 сынып
2	«Біз және заң»	Ақпараттық сағаты	5-8 сынып

3	«Жолда жүру ережелері»	Тәрбие сағаттары	5-7 сынып
4	4-сынып оқушыларына ашық есік күні	Экскурсия	Бастауыш сыныптар
5	Мектеп формасы бойынша рейд	Мектепшілік рейд	5-11 сынып
6	2024-2025 оқу жылына болашақ мектеп президентін даярлау жұмыстары	Сайлау	«Менің мектебім», «Анамның сөзі» атты акцияларын өткізді.

Жылдық жұмыстың талдауынан төмендегідей қорытынды жасауға болады:

2023-2024 оқу жылының жоспары толықтай іске асырылды; қойылған мақсат пен міндеттер орындалды; тәрбие процесін жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалды; еңбексүйгіштікке, патриотизмге және қоршаған ортаға деген жақсы қарым-қатынасты тәрбиелеуге бағытталған бос уақытты өткізу іс-шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, келесі мәселелер орын алды:

Орта буын оқушыларымен мектеп белсенділерінің жұмысы төмен деңгейде болды;

Оқушылардың жалпы мектептік іс-шараларға қатысуы орташа деңгейде;

Өзін-өзі басқару ұйымы жұмысы төмен деңгейде екенін көрсетті.

Шешім:

Мектеп Парламентінің орта буын оқушыларымен белсенді жұмыс жасауын ұйымдастыру;

Оқушылардың мектепшілік шараларға толыққанды қатысуын қадағалау;

Балалар ұжымының белсенді, қызықты және пайдалы істерімен қаныққан өмірін ұйымдастыру;

Адамгершілік ахуалды және адамгершілік қатынастарды нығайту арқылы балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі жетілдіруі және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау. Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, коммуникативті дағдыларды, азаматтық және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, қоршаған әлемдегі практикалық іс-әрекетке, танымға, бағдарлауға қажетті шығармашылық ойлауды дамыту.

## **2023-2024 оқу жылындағы ақпараттандыру жұмысының талдауы**

**Мектептің материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі:**

Павлодар қаласының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде

- ✓ 2 компьютерлік сынып
- ✓ 11 интерактивті тақта
- ✓ 5 проектор
- ✓ 205 дербес компьютер бар.

Әр компьютер интернет желісіне қосылған. Компьютерлер толықтай комплектіленген. Мектепте WI-FI желісінің 13 нүктесі жұмыс істейді. Интернет жылдамдығы 100 mbit/sek.

Кабинеттер психологиялық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес дұрыс орналасқан, техникалық қауіпсіздік ережелері ескерілген. 3 кабинеттің зертханалары (физика, химия, биология) PASKO құралдарымен жабдықталған. Барлығы оқу үдерісіне кірістірілген. Интербелсенді тақталар, проекторлар 17 кабинетте орналасқан. Әр кабинетте «интернетте жұмыс жасау», «интербелсенді тақтамен жұмыс жасау», «қауіпсіздік техника» дәптерлері жүргізіледі. Мектептің барлық іс-шаралары мультимедиялық подиум арқылы жүргізіледі.

Мектепте видеобақылау 99 камера арқылы жүргізіледі. Казахтелекомның 42 камерасының 22 ішкі, 20 сыртқы, 25 аудио-бейне жазба жүргізетін камера оқу кабинеттерінде орнатылған, 32 камераның 13 сыртқа, 19 ішкі. Қосымша асханада 3 камера орналастырылған. Барлық камералардың жазбалары 30 күнге дейін сақталады.

**НОБД жүйесі.** Мектеп туралы барлық ақпарат осы порталда толтырылады. Толтырылуы 100%. Уақытында толтырылып отырылады. НОБД жүйесін DASH Board арқылы толтырылуы мен мәліметтердің дұрыстығы тексеріледі. Оқу жылы бойы толтырылып отырылады.

Жаңалықтар енгізілуде. НОБД деректер қорына Педагог портфолиосы мен оқушы профилі және марапат жүйесі келесі оқу жылынан бастап енгізіледі. Оны толтыру үшін жыл бойы екі онлайн семинарға қатыстық.

Сынып журналдары мен білім сапасының мониторингісі **Күнделік** жүйесінде жүргізіледі.

Мектеп бойынша 393 оқушы оқу жылын аяқтады. Күнделікте пәндер тізімі құрылып, сыныптар топтарға бөлінген. Күнтізбелік жоспарлары оқу жылына толық толтырылған. Пән мұғалімдер күнтізбелік жоспарлары салынған. Баға қойылуы ескеріліп отырылады. Сабақта болмаған, ауырған оқушылар уақытында белгіленеді. Баға қойылуы 100% көрсеткішті құрайды. Пән мұғалімдері осы оқу жылында күнделікті сабаққа сабақ жоспарларын бекітіп отырды және үй тапсырмаларын бергенде орындалу уақытын қойып отырды. Күнделік жұма сайын тексеріліп отырылады. **Мектеп сайты** <https://jasdarynpvl.edu.kz/> әлеуметтік желісі уақытында жаңартылып отырылады.

### **Оқу процессінде АКТ пайдалану.**

Бірыңғай әдістемелік күн аясында пән мұғалімдеріне сабақ беруде АКТ пайдалану тәсілдерін «Мектептің цифрлық білім беру ортасы: заманауи балаларды қалай оқыту керек» демо-сессиялары әр жұма сайын өткізіліп отырылды.

**«Мектептің цифрлық білім беру ортасы: заманауи балаларды қалай оқыту керек» демо-сессиялар**

№	Шараның атауы	Өткізген мұғалім	Қатысушылар саны	Кері байланыс (неше мұғалім сабағында пайдаланды)
1	Wordwall.com бағдарламалары	Базарбай Т.Т.	6	4. Жанабек И.К. Смагулова С.С. Момынов К.М. Семенова Д.Б.
2	ZipGrade	Базарбай Б.Т.	5	2. Жанабек И.К. Смагулова С.С.
3	Bamboozle	Шайхимов А.А.	7	4. Жанабек И.К. Смагулова С.С. Жильгильдинова К.М. Семенова Д.Б.
4	Google.	Шайхимова А.М.	6	2. Жанабек И.К. Смагулова С.С.
5	Google.components drive	Жанабек И.Қ.	6	3. Даулбаева К.М. Смагулова С.С. Жумадильдин Н.Е.

**Мұғалімдердің сабақта АКТ пайдалануы**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Сабақта пайдаланатын ақпараттандыру құралы
1	Шайхимов А.А	Информатика	Codefors.com Acmp.ru Informatrix.ru
2	Момынов Қ.М	Информатика	Codefors.com Acmp.ru Informatrix.ru
3	Базарбай Т.Т	Информатика	Stepik.org порталы
4	Жанабек И.Қ.	Математика	MathGraf
5	Базарбай Т.Т	Физика	Algodoo
6	Шайхимова А.М	Физика	Algodoo, PhetLab
7	Смагулова С.С	Математика	MathGraf

**АКТ пайдалану бойынша сайыстарға қатысу**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Сайыстар	Нәтиже
1	Шайхимов А.А	Информатика	«Білім беруде АКТ қолдану» атты облыстық сайыс	1 орын
2	Шайхимов А.А.	Информатика	НАКАТОН Халықаралық сайыс	5 орын

**Информатикадан оқушылардың сайыстарға қатысуы**

№	Оқушының аты-жөні	Мұғалімнің аты-жөні	Сайыстар	Нәтиже
---	-------------------	---------------------	----------	--------

1	Ержанұлы Алихан	Информатика	Астана ІТ олимпиадасы. Республика	1 орын
2	Ержанұлы Алихан	Шайхимов А.А	Астана ІТ олимпиадасы. Республика	3 орын
3	Нургазинов Т. Қадырхан	Базарба Т:Т	Облыстық іріктеу. RoboMission(Junior)	3 орын
4	Мырзабеков М	Момнов Қ.М	7-8 сыныптар арасындағы пәндік олимпиада	3 орын
5	Мукат К.	Момнов Қ.М	7-8 сыныптар арасындағы пәндік олимпиада	2 орын
6	Сағдат Б.	Момынов Қ.М	ПМУ өткізген олимпиада	ПМУ гранты иегері

### **Оқу үдерісінде қосымша пайдаланатын ақпараттандыру құралдары**

Оқу жылының екінші жартысында **онлайн мектеп** порталы пайдаланылды. Барлық мұғалімдер мен оқушыларға тіркеу жасалып, сабақ кестесі құрастырылды. 2023-2024 оқу жылы қосымша <https://testter.kz/> порталы енгізілді. Бұл жүйеде 9 - сынып оқушылары ББЖМ-ға дайындалды. 9 – сынып оқушылары тестілеуге толық қатысты. Сонымен қатар, 11 - сынып түлектері ҰБТ-ға, мұғалімдер ПББ-ға дайындалуға мүмкіндік алды. Порталда 192 адам тіркелген.

**Цифрландыру.** 2018 жылдан бастап мектепте цифрландыру бағдарламасы жүйеге асырылуда. Қазіргі таңда толығымен кітапхана цифрландырылған, мектеп Президентін электрондық нұсқада сайлау өткізіледі. Мектептің кабинеттеріндегі ауа температурасы сандық жүйеде қадағаланып отырылады.

**Кітапханада** барлық кітаптар қоры электронды тізімге енгізілген. Әр кітаптың өз орны бар. Электронды базаға енгізілген және оқушылар тізімі де енгізілген. Оқушы немесе кітапханашы кітапты алғасын базадан штрих-код оқитын құрал арқылы оқып базадан кітапты тауып, оқушыға жазады. Сол оқушыға кітап жазылады, қайта тапсырғанда базадан кітап сол оқушыдан алынып тасталынады. Осылай электронды абонент құрылған. Кітапханада электронды оқу залы бар. Онда оқушылар компьютерлерден жоқ кітаптардың электронды нұсқаларын оқиды, сонымен қатар телефонмен штрих-код арқылы кітап оқи алады. Білім басқармасы ұсынған 250 кітап тізімі, мектеп сайтында эл нұсқалары салынған, сайттан үйде де оқи алады. Электронды оқу залында онлайн кітапханалардан басқа электронды кітаптар енгізілген және оқығанда өзі жүріп отыратын бағдарлама орнатылған. Сонымен қатар, электронды оқулық жобасы жұмыс атқарады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы «Оқулықтардың,

оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179 бұйрығына сәйкес **Opiq.kz** сайтында оқу жылының басында «Атамұра» баспасының және екінші жартыжылдықта «Мектеп» баспасының оқулықтарын электронды түрде пайдаланылды. Жүйеге 45 мұғалім, 393 оқушы тіркелді. Порталды пайдалану оқу жылының соңына дейін жүргізілді. 34 журнал құрастырылды. Мектеп баспасымен жұмыс жасайтын мұғалімдер толықтай пайдаланды деп айтуға болады. Журналмен жұмыс жасау бойынша мониторинг жүргізіледі.

**Асхана** жұмысы. Асхана тамағының сапасын оқушылар тамақтанғаннан кейін ePit бағдарламасы арқылы бағалап отырады. Планшетте мектеп мұғалімдерімен жасалған бағдарлама орнатылған. Оқушылар сол бағдарламада тамақ сапасын бағалайды. Нәтижесін мектеп сайтында көруге болады. Асхана/ Асхана жұмысын бағалау/ Асхана жұмысын бағалау мониторингі/ парағында көруге болады. Тікелей сілтеме: [https://docs.google.com/spreadsheets/d/1iOUMB\\_EuVxozd8KWbhDD9Wd\\_4kt2WAobfnaEe3lXacs/edit#gid=1728862353](https://docs.google.com/spreadsheets/d/1iOUMB_EuVxozd8KWbhDD9Wd_4kt2WAobfnaEe3lXacs/edit#gid=1728862353)

#### **Мәселе:**

- Мектептің техникалық жағдайының төмендігі;
- Асханадан тамақты мобильді телефон арқылы сұраныс беретін бағдарлама іске қосылмады. Себебі домен сатып алуға қаражат табылмады.
- Педагогтердің сабақ барысында АКТ- аз қолдануы;
- **Opiq.kz** сайтында жұмыстың аздығы;
- Білім алушылардың информатика пәнінен сайыстар мен конкурстарға қатысу сапасының төмендігі;
- Робототехникадан облыстық сайыстарда нәтиже төмен болуы.

#### **Шешім:**

- Кітапхана қорының сандық тізімін толықтыру. *Opiq.kz* сайтымен жұмысты жалғастыру;
- МОДО, ҰБТ-ға дайындық жүргізу үшін *Testter.kz* сайты келесі оқу жылында пайдалану;
- Пән мұғалімдерінің сабақта *Wordwall.com*, *ZipGrade*, *Baabooble*, *Google.drive*, *Google.components* бағдарламаларымен қоса түрлі бағдарламаларды қолдануыларын жетілдіру;
- Информатика сабақтарында *Stepik.org* порталында жұмыс жасауды жалғастыру;
- Информатикадан пән олимпиадасына 5-ші сыныптан бастап дайындау;
- Робототехникадан оқушыларды сайыстарға қатыстыру;
- Пән мұғалімдерінің ғылыми жобаларға, оқушыларды сынаққа дайындау тестерін құрастыру.

**Қорытындылай келе, келесі мәселелер орын алды.**

Ұжымның әр мүшесі мектепті дамыту бағдарламасының орындалуын жүзеге асыруды негізгі мақсат ретінде қарастыру керек.

Аудандармен жұмыс бойынша өткізілетін семинарларға аудан педагогтерінің қатыспауы жыл көлемінде жиі кездесті.

«Жас Дарын» мектеп-лицейінің педагогтерінің облыс, республика көлемінде өткізіліп жатқан конкурстарға, олимпиадаларға, іс – шараларға толық қатыспайды. Жас мамандардың сабақ өткізу барысындағы әдістемеліктің жеткіліксіздігі, арнайы конкурстарға қатысу деңгейі төмен болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде оқу мәдениетін дамытудың инновациялық түрлері жеткілікті түрде іске аспады. «5 минуттық оқу» жобасында білім алушылардың орыс, ағылшын тілінде кітап оқуы қазақ тілінде сөздік қордың молаюына кері әсерін тигізді.

5-6-сыныптарда вариативтік компонентінің сағат санының азайуына байланысты физика және химия пәндерінің ерте оқыту факультативтері қысқартылды. Физика пәні мұғалімінің декреттік демалысқа шығуына байланысты физика пәнін ағылшын тілінде толық енгізу іске асырылмады.

Қабілеттері бар оқушыларға жеке педагогикалық қолдаудың болмауы. Пән мұғалімдерінің үлгерімі төмен оқушылармен жеке оққылықтардың орнын толтыру жұмысын ұйымдастыруы жеткізілісіз болды.

5-7 - сыныптарда информатика пәнінен және 5-сыныптарда математика пәнінен академиялық адалдық принциптерінің сақталуы. Себебі, мұғалімдердің оқушылардың білім деңгейін бағалауы мектепшілік бақылау бағаларымен салыстырғанда үлкен сәйкессіздік байқалады, тоқсандық және жылдық бағалар жоғарылатылған.

Қазақ тілі пәні бойынша аралық аттестаттау қорытындысы жылдық бағалармен салыстырғанда оқушылардың білім сапасы төмендеді. Оқу жылын «3»-ке аяқтаған 10 оқушының саны 18-ге дейін көбейді.

Қазақстан тарихынан оқушылардың ауызша емтиханға дайындық деңгейі нашар екендігі анықталды.

Қорытынды аттестаттаудан кейін 9-сыныптардың білім сапасының деңгейі 4%-ға төмендеді.

Ғылыми жобалар бойынша үшінші жыл қатарынан іріктеуден өткен жұмыстар, жүлделі орындар саны азайды. Орта буын оқушыларының сайысында экология, химия, биология секцияларында көрсеткіш төмен. Робототехника секциясы бойынша қатысушылар болмады.

Жаратылыстану-математика бағытындағы жұмыс түрлері толық зерттеуді қажет етеді. Республика деңгейіне шығатын ғылыми жобалардың саны аз.

Пәндер олимпиадасында облыстық деңгейде барлық мәлімденген 12 пәннен нәтиже болғанымен математика, информатика, химия, физика ағылшын тілі пәндерінің қорытындысы төмен. Республикалық деңгейге информатика, химия, құқық негіздері пәндерінен жүлдегер жоқ.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 7-8-сынып оқушыларына арналған жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңінде 1-2-орындар, жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңінде орын жоқ.

5-6-сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасында орын алған оқушы болмады.

6 - сынып оқушыларына арналған С.Т.Хасанова атындағы «Математикалық АВАСА» олимпиадасына 2023-2024 оқу жылында қатысушылар саны аз болғаны оқушылар мен олардың ата-аналары «Математикалық АВАСА», «Ботақан» олимпиадаларының мақсаты, болашақта білім алу және мамандандырылған мектепке қабылдау мүмкіндігі туралы ақпарат берілмеді.

«Интеллект алаңы» жобасы бойынша ғылыми жобалар сайысынан орын алған оқушылар тестілеуден төмен ұпай алды. ЖМБ пәндері бойынша жүлделі орындардың болмауы ойландырады.

Ата-ананың 60%- мектеп шараларына қатысудан бас тартуда. Жоғарыда аталған шараларға үнемі белсенділік танытатын ата-аналардың 40%- ғана қатысып отырады. Мәселелердің бірі оқушылармен толыққан жоба бойынша жұмыстарды ұйымдастыра алмаған сынып жетекшілерінің болуы. Атқарылған жұмысты әлеуметтік желілерде жария етпеуі. Оқуларда оқушылар ән байқауларына қатыспайды, ақындар мектебіне және айтысқа қатысатын, конкурстарға жанкүйер ретінде қолдау көрсетуге баратын балалар саны аз, тоғызқұмалақтан жетістіктер болмады. Сынып жетекшілердің бала психологиясына зейін қойып, қадағалауларының аз. 2023-2024 оқу жылында Парламент мүшелерінің жұмысы қанағаттанарлықсыз болды, тәрбиелеу процесінде тәртіп бұзушылық сияқты мәселелер де орын алды. Үйірмелердің жұмысы қанағаттанарлықсыз деп есептелді. Жетістіктер тек спорттық үйірмелер тарапынан ғана болды.

Психологиялық қызмет бойынша педагогикалық кадрлармен жұмыстың әлсіздігі, дарынды оқушылармен жүйелі жұмыстық жоқтығы байқалды.

Кітапхана мәселелері: өткізілген шаралардың аздығы, республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүйелі жұмыстың болмауы, кітапханаға келушілер саны аз.

Кәсіптік бағдар бойынша қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушылармен кәсіптік бағдарлаудан 7,9-сыныптарда жұмыстың аздығы байқалды. Кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формалары, заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың жеткіліксіз болды.

Тәлімгер жұмысында орта буын оқушыларымен мектеп белсенділерінің жұмысы төмен деңгейде болғаны анықталды. Оқушылардың жалпы мектептік іс-шараларға қатысуы орташа деңгейде.Өзін-өзі басқару ұйымы жұмысы төмен деңгейде екенін көрсетті.

Сонымен қатар, педагогтердің сабақ барысында АКТ- аз қолдануы, Оріқ.kz сайтында жұмыстың аздығы, білім алушылардың информатика пәнінен сайыстар мен конкурстарға қатысу сапасының төмендігі, робототехнадан облыстық сайыстарда нәтиженің төмен болуы орын алды.

**Жоғарыда көрсетілген мәселелерді анықтап, «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінің ұжымы 2024-2025 оқу жылында келесі шешімдерді негізге алып, орындалуын қадағалайды.**

Бағдарламаның қолданылу кезеңінде білім беру ұйымын дамытудың түпкі мақсатын білім беру сапасын арттыру тетігі ретінде құрылған «Табыс мектебі» жобалық моделін іске асыруды қамтамасыз етеді.

- Меморандум талаптарын аудандар тарапынан орындау.
- Аудандық ББ бөлімдерімен хабарласып, меморандум негізіндегі жұмыстың тиімділігі жөнінде кері байланыс беруді ұсыну.
- Пән мұғалімдерінің білімін арттыру тақырыптары аясында әдістемелік бірлестік ішінде ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп, бірін-бірі сүйемелдеу;
- Тиімді әдіс –тәсілдерді зерделеп, өз тәжірибесінде қолдану;
- Шығармашылық бағытта жұмыс жүргізіп, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру;
- Әр пән мұғаліміне оқушылардың орташа білім сапасын 100% - ға дейін арттыру;
- Әртүрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысу.
- Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлерге әдістемелік көмек көрсетіп, тәжірибеде қолдануды ұсыну, қадағалау.
- Әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жеке жұмыс жасау мәселелерінде жас маманның құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс істеу;
- Жұмыс барысында оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тиімді тәсілдер мен әдістерді зерттеуге және практикалық қолдануға бағыттау;
- Назар аударатын жұмыс - өздігінен білім алу, оқушыларды республикалық олимпиадалардың жеңімпазын дайындау;
- Білім алушыларды көркем әдеби кітап оқуға баулу.
- «5 минуттық оқу» жобасының негізгі мақсатын жүзеге асыру үшін білім алушылардың тек қана қазақ тіліндегі туындыларды оқуын қадағалау, мониторинг жүргізу. (ағылшын тілі сабақтарында ағылшын тілінде кітап оқуға рұқсат беріледі).
- 7-сыныптан бастап барлық сыныптарда физика мен химия пәндерінен факультатив сағаттарын міндетті түрде күшейту.
- Оқушылар арасында бір пәннен «4», қалған пәндерден «5»-ке қорытылған үздікке үміткер оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.
- Қабілеттері бар оқушыларға жеке педагогикалық қолдау көрсету мақсатында, бір пәннен “4” болған жағдайда, уақытылы мониторинг жүргізу, олқылықтарды жою.
- 5-7 сыныптарда информатика пәнін және 5-сыныптарда математика пәнін оқыту жағдайын мектепшілік бақылауға қою.
- 2024-2025 оқу жылының басынан оқушыларды қазақ тілінен аралық аттестаттауға дайындау.
- Қазақстан тарихы пәнінен қорытынды аттестаттауға дайындық ретінде 11-сынып білім алушылар арасында ауызша күзгі, қысқы және көктемгі сессия өткізу.
- Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейін анықтау мақсатында мерзімді байқылау жұмыстарын өткізу
- Ақпан айында өткізілген «Интеллект алаңы» жобасы аясында 8-10 сыныптарда өткізілген тест нәтижелерін қолдану, оң нәтиже көрсеткен оқушыларды сәйкес секцияларға бағыттау.

- Мамыр айында алғашқы мектепшілік жобалар тақырыптарын іріктеу .
- Оқушылардың зерттеу жұмыстарын оқу кезеңінде үздіксіз жүргізу.
- Пән мұғалімдеріне оқушылардың ғылыми жобалар тақырыптарын оқу жылы аралығында әдістемелік бірлестікте қарастыру:

1) Оқушылардың зерттеу жұмыстарын оқу кезеңінде үздіксіз жүргізу.

2) Іріктеу кезеңінен өткізе алмаған зерттеу жұмыстарын жаңадан пысықтау.

3) «Startup» бизнес-жобаларды ұйымдастыру

4) Пән мұғалімдеріне тестілеу кезеңінде төмен нәтиже көрсеткен пәндер бойынша дайындықты жақсарту

5) 2025 жылғы наурыз айында мектепшілік ғылыми жобалардың іріктеу кезеңін өткізу жоспарлануда.

- Пән бойынша оқушылардың жетістіктері мониторингін және білім сапасы мониторингін жүйелі тұрғыда жүргізу.
- Барлық пәннен ОРМ жұмысын арттыру.
- Олимпиадалық резерв құрамын іріктеу, оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізу;
- Математика, информатика, химия, физика ағылшын пәндерінен облыстық деңгейде оқушыларды сапалы дайындау.
- Құқық негіздері, география пәндерінен қатысушыларды Республикалық деңгейге шығару мақсатында дайындықты күшейту.
- Пән мұғалімдеріне өз әдістемелік жүйесін жаңаша ұйымдастыру.
- Халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға қатыстыру мақсатында облыстық және Республикалық сатысында нәтиже көрсеткен оқушылармен пән мұғалімдеріне дайындық жұмысын бірігіп бір жүйеге келтіру.
- Оқушылардың қызығушылығын аттыру мақсатында басқа түрлі, қашықтық сайыстарға қатыстыру.
- 6 - сынып оқушыларына арналған С.Т.Хасанова атындағы «Математикалық АВАСА» олимпиадасына 2024-2025 оқу жылында қатысушылар санын көбейту, олимпиада туралы ақпараттық жұмысты мақсатты жүргізу;
- «Интеллект алаңы» жобасы бойынша тестерді құрастыру, тестілеуге дайындау;
- Оқушыларды олимпиадаларға қатыстыру, жоғары нәтижелерге жеткізу. Барлық пәннен ОРМ жұмысын арттыру;

Оқушылармен жоғары деңгейде жан-жақты дайындық жүргізу. Сынып жобаларының тақырыптарын дұрыс таңдау, жоспар бойынша іске асыру. Оқушыларға бос уақытын тиімді қолдануына сепші болу, сайыстарға қатыстыру мақсатында іріктеу жұмысын ұйымдастыру, таланттар шоуын өткізу, сыныптар арасында турнир өткізу. «5 минуттық оқу», «Рейтинг», «Ақпараттық жиындар», «Флешмоб», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын жалғастыру. Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жұмысын жаңартып, арттыру.

Психологиялық-педагогикалық ағарту және оқу-тәрбие үдерісін сүйемелдеу бойынша мұғалімдер мен ата-аналардың біріккен жұмысын: семинарлар, тренингтар сияқты жұмыстар арқылы белсендету;

Оқушылардың «Даму картасы» жобасы бойынша жұмыстарды арттыру; Кәсіптік бейімделу бойынша жоғары сынып оқушыларымен жұмысты, олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және бейімдерін анықтай отыра белсендету (психологиялық зерттеулер жүргізу, НУ түсуге жетелеу);

2023-2024 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеу процесінде кездескен проблемалардың нәтижесінде «Әкелер кеңесі» жобасын күшейтіп, жалғастыру. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жаңарту.

Психологиялық қызмет бойынша педагогикалық кадрлармен жұмысты күшейту, дарынды балалармен жүйелі жұмыс жасау.

Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында әдеби кітаптар таңдауда жас ерекшеліктеріне сай көркем әдебиеттің мазмұнына Анонс жасау. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай кітапханадағы әдеби кітаптарға қысқаша шолу жасау арқылы қызығушылықтарын ояту.

Кәсіби бағдарлауда маманның қалыптасуына тікелей әсер ететін ата-аналар мен мұғалімдердің өзара іс-қимылын жандандыру. Білім алушыларды өңірде және аудандарда сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға бағыттау.

7-11- сыныптарда тәрбие-білім беру процесінің барлық субъектілерін қоса отырып, кәсіби бағдарлаудың пәрменді дараланған жүйесін құру.

Мектеп Парламентінің орта буын оқушыларымен белсенді жұмыс жасауын жүйелі ұйымдастыру, оқушылардың мектепішілік шараларға толыққанды қатысуын қадағалап, балалар ұжымының белсенді, қызықты және пайдалы істерімен қаныққан өмірін ұйымдастыру.

Ақпараттандыру мәселелері бойынша: кітапхана қорының сандық тізімін толықтыру. *Opiq.kz* сайтымен жұмысты жалғастыру, пән мұғалімдерінің сабақта Wordwall.com, ZipGrade, Baaboozle, Google.drive, Google.components бағдарламаларымен қоса түрлі бағдарламаларды қолдануыларын жетілдіру.

Робототехникадан өткізілетін сайыстарға оқушыларды белсенді қатыстыру.

Шешімнің орындалуын директор жаныдағы отырыста, әкімшілік кеңесте, әкімшілік отырыста қарастыру.